

Кейбір бұйрықтарға өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрінің м.а. 2026 жылғы 30 сәуірдегі № 79 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 5 мамырда № 38662 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз.

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтардың тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің Ойын бизнесін және лотереяны реттеу комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің интернет-ресурсында қолданысқа енгізілгеннен кейін үш жұмыс күні ішінде орналастырылуын;

3) осы бұйрықтың 2-тармағының 1) және 2) тармақшалары орындалғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің Заң қызметі департаментіне орындалуы туралы ақпараттарды ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрінің орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2026 жылғы 12 шілдеден бастап қолданысқа енгізілетін Тізбенің 3-тармақтың тоғызыншы, оныншы, он бірінші, он екінші, он үшінші, он төртінші, он бесінші, он алтыншы, он жетінші, он сегізінші, он тоғызыншы жиырма алтыншы, жиырма жетінші, жиырма сегізінші, жиырма тоғызыншы, отызыншы, отыз бірінші, отыз екінші, отыз үшінші, отыз төртінші, отыз бесінші, отыз алтыншы, қырық үшінші, қырық төртінші, қырық бесінші, қырық алтыншы, қырық жетінші, қырық сегізінші, қырық тоғызыншы, елуінші, елу бірінші, елу екінші, елу үшінші, алпысыншы, алпыс бірінші, алпыс екінші, алпыс үшінші, алпыс төртінші, алпыс бесінші, алпыс алтыншы, алпыс жетінші, алпыс сегізінші, алпыс тоғызыншы, жетпісінші абзацтарын, 4 және 7 тармақтарын, Тізбеге 1, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10-қосымшаларын қоспағанда алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

*Туризм және спорт
министрінің міндетін атқарушы*

С. Жарасбаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Қаржылық мониторинг агенттігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Жасанды интеллект және
цифрлық даму министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Стратегиялық жоспарлау және
реформалар агенттігі
Ұлттық статистика бюросы

Қазақстан Республикасы
Туризм және спорт
министрінің міндетін
атқарушы 2026 жылғы
30 сәуірдегі № 79
бұйрығымен бекітілген

Өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі

1. "Ойын бизнесін ұйымдастырушының біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттардың тізбесі мен нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 30 наурыздағы № 115 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10876 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

""Ойын бизнесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 7-5) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 4 қазандағы № 865 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі туралы Ереженің 15-тармағының 154) тармақшасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген ойын бизнесін ұйымдастырушының біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттардың тізбесі осы Тізбеге 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Ойын бизнесін ұйымдастырушының есептілікті ұсыну нысанын, Ойын бизнесін ұйымдастырушы ұсынатын есептілікті жинауды және талдауды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 17 шілдедегі № 249 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11948 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Ойын бизнесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына 8-бабының 7-1) тармақшасына, "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**;

көрсетілген бұйрыққа 1-қосымша осы Тізбенің 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Ойын бизнесін ұйымдастырушы ұсынатын есептілікті жинауды және талдауды жүзеге асыру қағидаларында:

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Есептілік мынадай ақпаратты қамтиды:

1) ойын бизнесін ұйымдастырушының бизнес сәйкестендіру нөмірі туралы мәліметтер;

2) ойын бизнесін ұйымдастырушының атауы;

3) қызмет түрі;

4) заңды мекенжайы;

5) есепті кезеңнің басындағы ойын бизнесін ұйымдастырушы қызметкерлерінің саны туралы мәліметтер;

6) есепті кезеңнің соңындағы ойын бизнесін ұйымдастырушы қызметкерлерінің саны туралы мәліметтер;

7) есепті кезеңнің басындағы құмар ойындарға және (немесе) бәс тігуге қатысушылардың (резиденттер) саны туралы мәліметтер;

8) есепті кезеңнің басындағы құмар ойындарға және (немесе) бәс тігуге қатысушылардың (резиденттер емес) саны туралы мәліметтер;

9) кезең соңындағы құмар ойындарға және (немесе) бәс тігуге (резиденттер) қатысушылардың саны туралы мәліметтер;

10) кезең соңындағы құмар ойындарға және (немесе) бәс тігуге қатысушылардың (резиденттер емес) саны туралы мәліметтер;

11) "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңның негіздері бойынша қатысушылармен іскерлік қатынастар орнатудан бас тарту саны туралы мәліметтер;

12) есепті кезеңде құмар ойындардың сол қатысушыларының ойын мекемелеріне бару саны туралы мәліметтер (10-нан аз бару, 10-нан астам бару, 50-ден астам бару);

13) "Ойын бизнесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында айқындалатын міндетті резервтер түріндегі әрбір лицензияға қамтамасыз ету сомасы туралы мәліметтер;

14) құмар ойындарға және (немесе) бәс тігуге қатысушыларға төленген ұтыстардың сомалары туралы мәліметтер;

15) ойын бизнесін ұйымдастырушының құмар ойындарға және (немесе) бәс тігуге қатысушылардан алған ақша қаражаттарының сомасы туралы мәліметтер;

16) ойын жабдығының атауы және түрі;

17) ойын жабдығының саны;

18) ойын жабдығының сериялық және (немесе) түгендеу нөмірі туралы мәліметтер;

19) ойын жабдығын өндіруші туралы мәліметтер;

20) ойын жабдығының, ойын автоматтарының техникалық жай-күйі туралы мәліметтер;

21) технологиялық тұрғыдан ойын автоматына салынған ұтыстың белгіленген пайызы туралы мәліметтер;

22) бейне жазу жүйелерінің техникалық жай-күйі туралы, оның ішінде бейне жазу жүйесінің атауы, жабдықтың саны, тестілеу күні туралы мәліметтер;

23) касса (лар) туралы, оның ішінде кассаның түрі, саны және орналасқан жері туралы мәліметтер (мекен-жайы);

24) мемлекеттік кірістер органдарында салық салу объектілерін/касса (ларды) тіркеу есебіне қою туралы мәліметтер;

25) үстелдер санының өзгеруі, жабдықты ауыстыру, оның ішінде ауыстырылған жабдықтың сериялық немесе түгендеу нөмірі туралы мәліметтер;

26) үстелдер санының өзгеруі, жабдықты ауыстыру туралы, оның ішінде лицензия алған кезде көрсетілген ойын үстелдерінің саны туралы мәліметтер;

27) үстелдер санының өзгеруі, жабдықты ауыстыру туралы мәліметтер, оның ішінде ойын үстелдерінің санын ұлғайту және қысқарту туралы ақпарат;

28) ойын бизнесін ұйымдастырушының құрылтайшылар құрамындағы бенефициарлық меншік иелері, басшылары және ойын бизнесін ұйымдастырушының бірінші басшылары туралы мәліметтер."

3. "Ойын бизнесі саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2020 жылғы 8 шілдедегі № 195 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20947 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік және әлеуметтік жауапты қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:"**;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Казино қызметімен айналысу үшін лицензия беру" мемлекеттік қызметті көрсету қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы "Казино қызметімен айналысу үшін лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметінің қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапты қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және "Казино қызметімен айналысу

үшін лицензия беру" мемлекеттік қызметті көрсету (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет) тәртібін айқындайды.";

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің Ойын бизнесін және лотереяны реттеу комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) осы Қағидаларға сәйкес көрсетеді.";

4, 5, 6 және 7-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге "цифрлық үкімет" www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал), "Е-лицензиялау" Мемлекеттік деректер базасы" цифрлық жүйесі www.elicense.kz (бұдан әрі – ЕЛ МДБ) арқылы жүгінеді.

5. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсету, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес баяндалған.

Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлікті көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы алады.

6. Көрсетілетін қызметті беруші құжаттарды алған сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағында көрсетілген ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді, көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған жағдайларда көрсетілетін қызметті беруші басшысының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) қол қойылған электрондық құжат нысанында өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тарту дайындайды және көрсетілетін қызметті алушыға ЕЛ МДБ жеке кабинетіне жібереді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда көрсетілетін қызметті берушімен 10 (он) жұмыс күні ішінде лицензия беруге бұйрық, қайта ресімделген лицензия – 3 (үш) жұмыс күні ішінде дайындалады, бұрыштама қойылады /қол қойылады.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер анықталған кезде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ тыңдауды өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы алдын ала шешім бойынша көрсетілетін қызметті алушыға позициясын білдіру мүмкіндігі туралы хабарлайды.

Тыңдау туралы хабарлама мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жіберіледі. Тыңдау хабардар етілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ЕЛ МДБ-де немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты береді.

7. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне енгізуді Заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес қамтамасыз етеді.

Ойын бизнесі саласындағы уәкілетті орган мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын осы Қағидаларға енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты тисті нормативтік құқықтық актіні әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өткізгеннен кейін күнтізбелік 3 (үш) күн ішінде Бірыңғай байланыс-орталығына және "электрондық үкіметтің" операторына жібереді.;

көрсетілген Қағидаларға 1 және 2-қосымшалар осы Тізбеге 3 және 4-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Ойын автоматтары залы қызметімен айналысу үшін лицензия беру" мемлекеттік қызметті көрсету қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы "Ойын автоматтары залы қызметімен айналысу үшін лицензия беру" көрсетілетін қызметінің қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапты қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және "Ойын автоматтары залы қызметімен айналысу үшін лицензия беру" мемлекеттік қызметті көрсету (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет) тәртібін айқындайды.;"

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің Ойын бизнесін және лотереяны реттеу комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) осы Қағидаларға сәйкес көрсетеді.;"

4, 5, 6 және 7-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге "цифрлық үкімет" www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал), "Е-лицензиялау" Мемлекеттік деректер базасы" цифрлық жүйесі www.elicense.kz (бұдан әрі – ЕЛ МДБ) арқылы жүгінеді.

5. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсету, сондай-ақ мемлекеттік 5. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсету, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсету

ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес баяндалған.

Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлікті көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы алады.

6. Көрсетілетін қызметті беруші құжаттарды алған сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағында көрсетілген ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді, көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған жағдайларда көрсетілетін қызметті беруші басшысының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) қол қойылған электрондық құжат нысанында өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тарту дайындайды және көрсетілетін қызметті алушыға ЕЛ МДБ жеке кабинетіне жібереді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда көрсетілетін қызметті берушімен 10 (он) жұмыс күні ішінде лицензия беруге бұйрық, қайта ресімделген лицензия – 3 (үш) жұмыс күні ішінде дайындалады, бұрыштама қойылады /қол қойылады.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер анықталған кезде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ тыңдауды өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы алдын ала шешім бойынша көрсетілетін қызметті алушыға позициясын білдіру мүмкіндігі туралы хабарлайды.

Тыңдау туралы хабарлама мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жіберіледі. Тыңдау хабардар етілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ЕЛ МДБ-де немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты береді.

7. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне енгізуді Заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес қамтамасыз етеді.

Ойын бизнесі саласындағы уәкілетті орган мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын осы Қағидаларға енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты тиісті нормативтік құқықтық актіні әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өткізгеннен кейін күнтізбелік 3 (үш) күн ішінде Бірыңғай байланыс-орталығына және "электрондық үкіметтің" операторына жібереді.";

көрсетілген Қағидаларға 1 және 2-қосымшалар осы Тізбеге 5 және 6-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Букмекер кеңсесі қызметімен айналысу үшін лицензия беру" мемлекеттік қызметті көрсету қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы "Букмекер кеңсесі қызметімен айналысу үшін лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметінің қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі-Заң) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және "Букмекер кеңсесі қызметімен айналысу үшін лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсету (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет) тәртібін айқындайды.";

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің Ойын бизнесін және лотереяны реттеу комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) осы Қағидаларға сәйкес көрсетеді.";

4, 5, 6 және 7-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге "цифрлық үкімет" www.e.gov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал), "Е-лицензиялау" Мемлекеттік деректер базасы" цифрлық жүйесі www.elicense.kz (бұдан әрі – ЕЛ МДБ) арқылы жүгінеді.

5. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсету, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес баяндалған.

Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлікті көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы алады.

6. Көрсетілетін қызметті беруші құжаттарды алған сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағында көрсетілген ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді, көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған жағдайларда көрсетілетін қызметті беруші басшысының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) қол қойылған электрондық құжат нысанында өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тарту дайындайды және көрсетілетін қызметті алушыға ЕЛ МДБ жеке кабинетіне жібереді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда көрсетілетін қызметті берушімен 10 (он) жұмыс күні ішінде лицензия беруге бұйрық,

қайта ресімделген лицензия – 3 (үш) жұмыс күні ішінде дайындалады, бұрыштама қойылады /қол қойылады.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер анықталған кезде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ тыңдауды өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы алдын ала шешім бойынша көрсетілетін қызметті алушыға позициясын білдіру мүмкіндігі туралы хабарлайды.

Тыңдау туралы хабарлама мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жіберіледі. Тыңдау хабардар етілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ЕЛ МДБ-де немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты береді.

7. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне енгізуді Заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес қамтамасыз етеді.

Ойын бизнесі саласындағы уәкілетті орган мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын осы Қағидаларға енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты тисті нормативтік құқықтық актіні әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өткізгеннен кейін күнтізбелік 3 (үш) күн ішінде Бірыңғай байланыс-орталығына және "электрондық үкіметтің" операторына жібереді.";

көрсетілген Қағидаларға 1 және 2-қосымшалар осы Тізбеге 7 және 8-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Тотализатор қызметімен айналысу үшін лицензия беру" Мемлекеттік қызметті көрсету қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы "Тотализатор қызметімен айналысу үшін лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметінің қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және "Тотализатор қызметімен айналысу үшін лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсету (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет) тәртібін айқындайды.";

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің Ойын бизнесін және лотереяны реттеу комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) осы Қағидаларға сәйкес көрсетеді.";

4, 5, 6 және 7-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге "цифрлық үкімет" www.e.gov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал), "Е-лицензиялау" Мемлекеттік деректер базасы" цифрлық жүйесі www.elicense.kz (бұдан әрі – ЕЛ МДБ) арқылы жүгінеді.

5. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсету, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес баяндалған.

Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлікті көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы алады.

6. Көрсетілетін қызметті беруші құжаттарды алған сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағында көрсетілген ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді, көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған жағдайларда көрсетілетін қызметті беруші басшысының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) қол қойылған электрондық құжат нысанында өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тарту дайындайды және көрсетілетін қызметті алушыға ЕЛ МДБ жеке кабинетіне жібереді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда көрсетілетін қызметті берушімен 10 (он) жұмыс күні ішінде лицензия беруге бұйрық, қайта ресімделген лицензия – 3 (үш) жұмыс күні ішінде дайындалады, бұрыштама қойылады /қол қойылады.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер анықталған кезде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ тыңдауды өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы алдын ала шешім бойынша көрсетілетін қызметті алушыға позициясын білдіру мүмкіндігі туралы хабарлайды.

Тыңдау туралы хабарлама мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жіберіледі. Тыңдау хабардар етілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ЕЛ МДБ-де немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты береді.

7. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне енгізуді Заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес қамтамасыз етеді.

Ойын бизнесі саласындағы уәкілетті орган мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын осы Қағидаларға енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты тисті нормативтік құқықтық актіні әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өткізгеннен кейін күнтізбелік 3 (үш) күн ішінде Бірыңғай байланыс-орталығына және "электрондық үкіметтің" операторына жібереді.";

көрсетілген Қағидаларға 1 және 2-қосымшалар осы Тізбеге 9 және 10-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

4. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2021 жылғы 10 қыркүйектегі № 282 "Ақпаратты жүйелі түрде жинауды және интернет-ресурстардың мазмұнын интернет-казино, Қазақстан Республикасында ойын бизнесі саласындағы қызметпен айналысу құқығына лицензиялары жоқ шетелдік букмекерлік кеңселер және (немесе) тотализаторлар белгілерінің болуы-болмауы тұрғысынан талдауды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24320 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Ақпаратты жүйелі түрде жинауды және интернет-ресурстардың мазмұнын интернет-казино, Қазақстан Республикасында ойын бизнесі саласындағы қызметпен айналысу құқығына лицензиялары жоқ шетелдік букмекерлік кеңселер және (немесе) тотализаторлар белгілерінің болуы-болмауы тұрғысынан талдауды жүзеге асыру қағидаларында:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) Интернет – электрондық цифрлық ресурстарды жіберуге арналған телекоммуникациялардың біріктірілген желілерінің және есептеу ресурстарының дүниежүзілік жүйесі;

2) интернет-казино – нақты уақыт режимінде Интернет желісі және (немесе) электрондық ақша арқылы құмар ойындарды ұйымдастыру мен өткізу мүмкіндігін іске асыратын және ұтыс алуды көздейтін интернет-ресурс;

3) интернет-ресурс – бірегей желілік адресі және (немесе) домендік аты бар және Интернетте жұмыс істейтін аппараттық-бағдарламалық кешенде орналастырылған (мәтіндік, графикалық, аудиокөрінімді немесе өзге де түрдегі) ақпарат;

4) құмар ойын – ұтысты көздейтін, қатысушылардың өз арасында не ойын бизнесін ұйымдастырушымен аталған адамдар қатысатын оқиға нәтижесіне жасалған, тәуекелге негізделген келісім;

5) мерчент ID – төлем жүйелерін пайдалана отырып, шетелдік компанияны төлем және (немесе) ақша аударымын алушы ретінде сәйкестендіретін символдардың бірегей жиынтығы;

6) ойын бизнесін ұйымдастырушы – құмар ойындарын және (немесе) бәс тігуді Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес ұйымдастыруды және өткізуді жүзеге асыратын заңды тұлға;

7) ойын бизнесі саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – ойын бизнесі саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды және бақылауды жүзеге асыратын, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын мемлекеттік орган;

8) ұтыс – құмар ойынның және (немесе) бәс тігудің ойын бизнесін ұйымдастырушы белгілеген қағидаларда көзделген нәтижесі шыққан кезде құмар ойынға және (немесе) бәс тігуге қатысушыға міндетті түрде төленуге жататын мүліктік пайда;

9) электрондық ақша – электрондық нысанда сақталатын және электрондық ақша жүйесінде жүйеге басқа да қатысушылар төлем құралы ретінде қабылдайтын электрондық ақша эмитентінің шартсыз және кері қайтарып алынбайтын ақшалай міндеттемелері.";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Ақпаратты жүйелі түрде жинауды және интернет-ресурстардың мазмұнын интернет-казино, Қазақстан Республикасында ойын бизнесі саласындағы қызметпен айналысу құқығына лицензиялары жоқ шетелдік букмекерлік кеңселер және (немесе) тотализаторлар белгілерінің болуы-болмауы тұрғысынан талдау нәтижелері бойынша анықталған интернет-казино сілтемелері бойынша уәкілетті орган, Қазақстан Республикасында ойын бизнесі саласындағы қызметпен айналысу құқығына лицензиялары жоқ шетелдік букмекерлік кеңселер және (немесе) тотализаторлар бойынша мәліметтерді ақпарат саласындағы уәкілетті органның Қазақстан Республикасының аумағында оларға қолжетімділікті шектеу жөнінде шаралар қабылдау үшін "Кибернадзор" цифрлық жүйесіне жүктейді."

5. Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрінің міндетін атқарушының 2024 жылғы 9 қазандағы № 175 "Ойын мекемесі, букмекерлік кеңсе немесе тотализатор жұмысының, мөлшерлемелер қабылдаудың және өткізілетін құмар ойындарының және (немесе) бәс тігудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 35240 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Ойын мекемесінің, букмекерлік кеңсенің немесе тотализатордың жұмыс істеуінің үлгілік қағидаларында, ставкаларды қабылдау және өткізілетін құмар ойындар және (немесе) бәс тігу қағидаларында:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы Үлгілік қағидаларда мынадай терминдер мен ұғымдар пайдаланылады:

1) бәс тігу – қатысушылардың өз арасында не ойын бизнесін ұйымдастырушымен ұтыс көзделіп, олар қатыспайтын оқиғаның нәтижесіне жасалған, тәуекелге негізделген келісім;

2) бәс тігуге қатысушының akkaунты (бұдан әрі – akkaунт) – букмекерлік кеңсенің және (немесе) тотализатордың қызметін жүзеге асыратын ойын бизнесін ұйымдастырушы бәс тігуге қатысушыны тіркеу кезінде аппараттық-бағдарламалық кешен арқылы бәс тігуге қатысушының мөлшерлемелерді және бәс тігуге қатысу және

ұтыстарды алу үшін қажетті өзге де операцияларды жүзеге асыруы үшін, сондай-ақ бәс тігудің әрбір қатысушысы, бәс тігуге қатысушы беретін ақша, бәс тігуге қабылданған мөлшерлемелер (оның ішінде электрондық), бәс тігудің нәтижесінің нұсқаларына коэффициенттер, олар бойынша ұтыстар мен төлемдер туралы ақпаратты есепке алу үшін бәс тігуге қатысушының ашатын дербес есептік жазбасы;

3) бенефициарлық меншік иесі – бұл:

заңды тұлғаның немесе заңды тұлға құрмайтын шетелдік құрылымның жарғылық капиталына қатысу үлестерінің не орналастырылған акцияларының (артықшылықты және қоғам сатып алған акциялары шегеріле отырып) жиырма бес пайызынан астамы тікелей немесе жанама түрде тиесілі;

заңды тұлғаны немесе заңды тұлға құрмайтын шетелдік құрылымды өзгеше түрде бақылауды жүзеге асыратын;

оның мүддесінде заңды тұлға немесе заңды тұлғаны құрмайтын шетелдік құрылым ақшамен және (немесе) өзге де мүлікпен операциялар жасайтын жеке тұлға;

4) БЕЖ-дегі бірегей сәйкестендіргіш – букмекерлік кеңсе және (немесе) тотализатор қызметін жүзеге асыратын нақты ойын бизнесін ұйымдастырушы үшін бәс тігуге қатысушыны бірімәнді сәйкестендіруге мүмкіндік беретін параметрлер жиынтығы;

5) бірыңғай есепке алу жүйесі (бұдан әрі – БЕЖ) – телекоммуникация желілері арқылы букмекерлік кеңсенің және (немесе) тотализатордың аппараттық-бағдарламалық кешеніне қосылған, жеке тұлғаның нұсқауы бойынша тотализатордың немесе букмекерлік кеңсенің электрондық кассаларындағы электрондық ақшаны пайдалана отырып, төлемдерді қабылдауды (жүзеге асыруды), оларды есепке алуды және букмекерлік кеңсе және (немесе) тотализатор қызметін жүзеге асыратын ойын бизнесін ұйымдастырушыға аударуды, жеке тұлғаларға электрондық ақшаны пайдалана отырып ұтыстарды төлеуді, жеке тұлғадан тотализатордың немесе букмекерлік кеңсенің кассаларында қабылданған (жүзеге асырылған) қолма-қол ақшалай және қолма-қол ақшасыз төлемдерді және тотализатордың немесе букмекерлік кеңсенің кассаларында төленген ұтыстарды есепке алуды, бәс тігуге әрбір қатысушы, бәс тігуге әрбір қатысушы бойынша бәс тігуге қабылданған мөлшерлемелер, бәс тігу нәтижесінің нұсқаларына коэффициенттер, олар бойынша ұтыстар мен төлемдер туралы ақпаратты дербестендірілген жинауды, өңдеу мен сақтауды, сондай-ақ Қазақстан Республикасында ойын бизнесі саласындағы қызметпен айналысу құқығына лицензиялары жоқ интернет-казино, букмекерлік кеңселер және (немесе) тотализаторлар белгілерін қамтитын интернет-ресурстарды Қазақстан Республикасының аумағында анықтау бойынша мониторингтеуді және олар бойынша мәліметтерді масс-медиа саласындағы уәкілетті органға беруді қамтамасыз ететін бағдарламалық қамтылым мен техникалық құралдардың жиынтығы;

б) букмекерлік кеңсе – қатысушылармен бәс тігуді жасасатын ойын бизнесін ұйымдастырушы;

7) заңдастырылған белгілер – ойын бизнесін ұйымдастырушының қағидаларында айқындалған тәртіппен құмар ойындарға қатысу үшін қолма-қол ақшаны алмастыратын және ойын мекемелерінде пайдаланылатын белгілі бір номиналдағы фишкалар, жетондар және (немесе) электрондық жеткізгіштер;

8) казино – құмар ойындарды ұйымдастыру және өткізу үшін ойын үстелдері пайдаланылатын ойын мекемесі;

9) казиноның немесе ойын автоматтары залының кассасы – ойын бизнесін ұйымдастырушы арнайы жабдықтаған, ақшамен операциялар, сондай-ақ заңдастырылған белгілерді беру және (немесе) қайтару жүзеге асырылатын ойын мекемесіндегі орын;

10) құмар ойын – ұтысты көздейтін, қатысушылардың өз арасында не ойын бизнесін ұйымдастырушымен аталған адамдар қатысатын оқиға нәтижесіне жасалған, тәуекелге негізделген келісім;

11) құмар ойынына және (немесе) бәс тігуге қатысушы – құмар ойынына және (немесе) бәс тігуге қатысатын жеке тұлға;

12) құмар ойындарға және (немесе) бәс тігуге қатысушы шектелген адам – құмар ойындарға және (немесе) бәс тігуге салыну салдарынан сот әрекет қабілетін шектеген жеке тұлға, сондай-ақ құмар ойындарға және (немесе) бәс тігуге қатысудан өзін шектеген жеке тұлға;

13) мөлшерлеме – құмар ойынына және (немесе) бәс тігуге қатысушы ойын бизнесін ұйымдастырушыға беретін және ойын бизнесін ұйымдастырушы белгілеген ережелерге сәйкес құмар ойынына және (немесе) бәс тігуге қатысудың негізгі шарты болып табылатын ақша сомасы;

14) ойын автоматы – құмар ойындарды өткізу үшін пайдаланылатын, ұтысын ойын бизнесін ұйымдастырушының немесе оның қызметкерлерінің қатысуынсыз осындай ойын жабдығы корпусының ішінде орналасқан құрылғы кездейсоқ тәсілмен айқындайтын ойын жабдығы (механикалық, электр, электрондық немесе өзге де техникалық жабдық);

15) ойын автоматтары залы – құмар ойындарды ұйымдастыру мен өткізу үшін ойын автоматтары ғана пайдаланылатын ойын мекемесі;

16) ойын бизнесі – құмар ойындарды және (немесе) бәс тігуді ұйымдастыруға және өткізуге байланысты кәсіпкерлік қызмет;

17) ойын бизнесін ұйымдастырушы – құмар ойындарын және (немесе) бәс тігуді Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес ұйымдастыруды және өткізуді жүзеге асыратын заңды тұлға;

18) ойын бизнесі саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – ойын бизнесі саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды және бақылауды жүзеге асыратын, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын мемлекеттік орган;

19) ойын мекемесі – ұтыс алуды көздейтін құмар ойындар Заңмен белгіленген талаптарға сәйкес өтетін ғимарат, үй-жай, құрылысжай;

20) ойын сессиясы – ойын бизнесін ұйымдастырушының қағидаларында айқындалатын, ұтысты анықтаумен (тіркеумен) аяқталатын, құмар ойынға қатысушының ойын бизнесін ұйымдастырушымен өзара қатынас жасау тәртібі;

21) тотализатор – бәс тігу жасалған кезде оған қатысушылар арасында делдалдық қызметтер көрсететін ойын бизнесін ұйымдастырушы;

22) тотализатордың немесе букмекер кеңсесінің кассасы – бәс тігуге мөлшерлемелерді қабылдау, ол бойынша ұтыс төлеу жүзеге асырылатын орын;

23) тотализатордың немесе букмекерлік кеңсенің электрондық кассасы – мөлшерлемелер мен ұтыстар бойынша есеп айырысулардың жүзеге асырылуын қамтамасыз ететін бірыңғай есепке алу жүйесі арқылы ақпараттық-коммуникациялық желілерде мөлшерлемелерді қабылдау (есепке алу) жүзеге асырылатын және ұтыстарды төлеу жүргізілетін цифрлық жүйе;

24) ұтыс – құмар ойынның және (немесе) бәс тігудің ойын бизнесін ұйымдастырушы белгілеген қағидаларда көзделген нәтижесі шыққан кезде құмар ойынға және (немесе) бәс тігуге қатысушыға міндетті түрде төленуге жататын мүліктік пайда;

25) электрондық ақшаның электрондық әмияны (бұдан әрі – электрондық әмиян) – электрондық ақшаға билік етуді қамтамасыз ететін, оны есепке алу және сақтау тәсілі.";

26-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"26. Букмекерлік кеңсе немесе тотализатордың қызметін жүзеге асыратын ойын бизнесін ұйымдастырушылар КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚҚ туралы Заңның 5-бабына сәйкес бәс тігуге қатысушыларды тиісінше тексеру жөнінде шаралар қабылдайды.

Букмекерлік кеңсе немесе тотализатор қызметін жүзеге асыратын ойын бизнесін ұйымдастырушылар бәс тігуге қатысушыларды тиісінше тексеруді дербес жүзеге асырады немесе бәс тігуге қатысушыларды тиісінше тексеру шараларын жүргізуді БЕЖ-нің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін заңды тұлғаға және (немесе) төлем ұйымының қызметтерін көрсету үшін тартылған заңды тұлғаға тапсырады.";

27-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"27. Букмекерлік кеңсе немесе тотализатор қызметін жүзеге асыратын ойын бизнесін ұйымдастырушы мөлшерлеме қабылдағанға дейін аккаунт ашу жолымен аппараттық-бағдарламалық кешен арқылы бәс тігуге қатысушыны тіркеуді жүзеге асырады, оның ішінде БЕЖ жүйесінде, мынадай деректерді енгізу арқылы:

- 1) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса);
- 2) азаматтығы (шетелдік үшін);
- 3) жеке сәйкестендіру нөмірі (Қазақстан Республикасының азаматы үшін);

4) шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты бар нысанда көрсетілген жеке сәйкестендіру нөмірі немесе шетелдік паспорттың нөмірі (шетелдік үшін);

5) азаматтығы жоқ адамның куәлігінде көрсетілген жеке сәйкестендіру нөмірі (азаматтығы жоқ адам үшін);

6) туған күні;

7) қызмет түрі, жұмыс орны (бар болса);

8) ұялы байланыстың жеке абоненттік нөмірі;

9) жеке тұлғаға тиесілі банктік шот;

10) БЕЖ-дегі бірегей сәйкестендіргіш.

БЕЖ-дегі бірегей сәйкестендіргіш бәс тігуге қатысушы БЕЖ-де тіркеліп, сәйкестендіруден өткеннен кейін беріледі.

Букмекерлік кеңсе және (немесе) тотализатор қызметін жүзеге асыратын ойын бизнесін ұйымдастырушы үшін бәс тігуге қатысушыға БЕЖ-де бір ғана бірегей сәйкестендіргіш беріледі. Бір бәс тігуге қатысушы үшін БЕЖ-дің электрондық ақша жүйесінде бір немесе бірнеше электрондық әмиян ашылады. Бұл ретте букмекерлік кеңсе және (немесе) тотализатор қызметін жүзеге асыратын ойын бизнесін ұйымдастырушы мен бәс тігуге қатысушы арасындағы есеп айырысулар үшін БЕЖ-дің электрондық ақша жүйесіндегі тек бір электрондық әмиян пайдаланылады.";

35-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"35. Букмекерлік кеңсе немесе тотализатор қызметін жүзеге асыратын ойын бизнесін ұйымдастырушы мөлшерлемелерді букмекерлік кеңсенің немесе тотализатордың тиісті кассасы арқылы қабылдайды және оларды есепке алу үшін БЕЖ-ге мөлшерлемелер туралы ақпарат жібереді.

Букмекерлік кеңсе немесе тотализатор қызметін жүзеге асыратын ойын бизнесін ұйымдастырушы мөлшерлемелерді БЕЖ арқылы букмекерлік кеңсенің немесе тотализатордың электрондық кассасында қабылдайды.";

36-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"36. Букмекерлік кеңсе немесе тотализатордың қызметін жүзеге асыратын ойын бизнесін ұйымдастырушы бәс тігуді ұйымдастыру мен өткізуге арналған аппараттық-бағдарламалық кешен мен жабдық арқылы жасалған мөлшерлемелердің жалпы сомасын қабылдауды, бірыңғай есепке алуды, бәс тігуге қатысушылардың мөлшерлемелерін өңдеуді және ұтысты төлеуді жүзеге асырады және қамтамасыз етеді, сондай-ақ олар туралы ақпаратты БЕЖ-ге жібереді.";

37-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"37. Бәс тігуге қатысушы өз аккаунтын қолма-қол ақшамен немесе қолма-қол ақшасыз тәсілмен, оның ішінде электрондық ақшамен толықтырады.";

44-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"44. Тотализатордың немесе букмекерлік кеңсенің электрондық кассасында қабылданған мөлшерлемелер бойынша бәс тігуге қатысушының ұтысын алу БЕЖ-дің электрондық ақша жүйесіндегі букмекерлік кеңсенің және (немесе) тотализатордың электрондық әмиянынан мөлшерлеме жасалған бәс тігуге қатысушының БЕЖ-дің электрондық ақша жүйесіндегі электрондық әмиянына электрондық ақшаны аудару арқылы жүзеге асырылады.

Букмекерлік кеңсенің немесе тотализатордың кассасында қабылданған мөлшерлемелер бойынша бәс тігуге қатысушының ұтысын қолма-қол ақшасыз тәсілмен алу бәс тігуге қатысушы тіркелген кезде көрсетілген деректемелер бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін кез келген тәсілмен жүзеге асырылады. Бұл ретте ұтыстарды төлеу есебі БЕЖ-де көрсетіледі."

6. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2024 жылғы 31 желтоқсандағы № 255 "Бірыңғай есепке алу жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін заңды тұлғаны айқындау қағидаларын және оған қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы" бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 35607 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Бірыңғай есепке алу жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін заңды тұлғаны айқындау қағидаларында:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) бірыңғай есепке алу жүйесі – телекоммуникация желілері арқылы букмекерлік кеңсенің және (немесе) тотализатордың аппараттық-бағдарламалық кешеніне қосылған, жеке тұлғаның нұсқауы бойынша тотализатордың немесе букмекерлік кеңсенің электрондық кассаларындағы электрондық ақшаны пайдалана отырып, төлемдерді қабылдауды (жүзеге асыруды), оларды есепке алуды және букмекерлік кеңсе және (немесе) тотализатор қызметін жүзеге асыратын ойын бизнесін ұйымдастырушыға аударуды, жеке тұлғаларға электрондық ақшаны пайдалана отырып ұтыстарды төлеуді, жеке тұлғадан тотализатордың немесе букмекерлік кеңсенің кассаларында қабылданған (жүзеге асырылған) қолма-қол ақшалай және қолма-қол ақшасыз төлемдерді және тотализатордың немесе букмекерлік кеңсенің кассаларында төленген ұтыстарды есепке алуды, бәс тігуге әрбір қатысушы, бәс тігуге әрбір қатысушы бойынша бәс тігуге қабылданған мөлшерлемелер, бәс тігу нәтижесінің нұсқаларына коэффициенттер, олар бойынша ұтыстар мен төлемдер туралы ақпаратты дербестендірілген жинауды, өңдеу мен сақтауды, сондай-ақ Қазақстан Республикасында ойын бизнесі саласындағы қызметпен айналысу құқығына лицензиялары жоқ интернет-казино, букмекерлік кеңселер және (немесе) тотализаторлар белгілерін қамтитын интернет-ресурстарды Қазақстан Республикасының аумағында анықтау бойынша мониторингтеуді және олар бойынша мәліметтерді масс-медиа саласындағы уәкілетті органға беруді қамтамасыз ететін бағдарламалық қамтылым мен техникалық құралдардың жиынтығы;

2) ойын бизнесі саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – ойын бизнесі саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды және бақылауды жүзеге асыратын, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын мемлекеттік орган."

